

**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының  
Тарих және география пәндері әдістемелік бірлестігінің  
2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жылдық іс-шара есебі**

2024-2025 оқу жылында Тарих және география пәндері әдістемелік бірлестігінде 17 мұғалім жұмыс атқарды, оның ішінде педагог-зерттеуші Жубаниязова Ж., Батырбек Г., Кадирбекова А., Айтхожаева Т., Козтаева А., Сүлейменова Б., Педагог-сарапшы Джунисов М., Туматаева Э., Педагог-модератор Өміралиева А., Бекетаев Е., Садуақас Ғ., Пияшов С. Алиева Ж. Шерімкүл Г. Божбанбаев Т. Баймуратова З.Тлеубаева А., Санаты жоқ мұғалімдер Бәйгебаева Л. Тамыз айында сағат жүктемелері бөлініп, күнтізбелік жоспарлар бекітілді. Тамыз айында бірінші бірлестік отырысы болып өтті. Онда бірлестік жұмысының жоспары, мұғалімдердің міндеттерімен таныстырылып бекітілді. Кабинет меңгерушілері бекітіліп, кабинеттер тазартылып, жабдықталды. Айлық, жылдық жоспарлар түзіліп, бекітілді, яғни тарих және география әдістемелік бірлестігінің әдістемелік тақырыбы: «Тарих және география сабақтарында құндылыққа баулу арқылы білім беруді жаңашаландырып, оқушылардың функционалдық және креативті ойлау қабілеттерін дамыту». Сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті жұмыс тілін қалыптастыру (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті тіркестері), тапсырмалар дайындау кезінде танымдық қабілеттеріне және оқу мақсаттарына сәйкестендіріп, нақтылап дайындалу, жалпы орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері оқу бағдарламасына сәйкес инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қысқа мерзімді жоспарды оқушылардың қажеттілігі мен үлгеріміне қарай түзету енгізе отырып, бейімдеу, компьютерлік технологияларды пайдалана білім беру құзыреттілігін қалыптастыру мақсаты қойылды.

**Тарих және география әдістемелік бірлестігі бойынша мұғалімдердің ғылыми ізденіс  
тақырыбы**

**2024-2025 оқу жылы**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Жұмыс тақырыбы                                                                        |
|---|---------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Жубаниязова Ж.М     | «Шығармашылық тапсырмалар беру арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру» |
| 2 | Бекетаев Е.С.       | «Тарих сабағын жетілдірудегі ұлттық құндылықтардың маңызы: бүгіні мен болашағы»       |
| 3 | Туматаева Э.К.      | «Жақын арадағы даму аймағында оқу мақсатын табысты игерту жолдары»                    |
| 4 | Джунисов М.А.       | «Тарих сабағында оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру»                 |
| 5 | Айтхожаева Т.Р.     | «Оқушыларға тарих сабағын оқытуда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану                    |

|    |                  |                                                                                                      |
|----|------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6  | Сулейменова Б    | «Құқық негіздері пәнін оқытуда жаңа педогогикалық технологияларды қолдану»                           |
| 7  | Козтаева А.П.    | «География сабағында ақпараттық технологияны пайдалану»                                              |
| 8  | Шерімкүл Г.Б.    | «География сабағында оқушының танымдық әрекетін дамыту»                                              |
| 9  | Алиева Ж.З.      | «География сабағында сын тұрғысынан ойлауды дамыту»                                                  |
| 11 | Анетбекова Г.А.  | «Тарих пәнінен оқушылардың құзіреттілігін дамыту»                                                    |
| 12 | Садуақас Ғ.Қ.    | «Тарихи өлкетану саласын дамытуда археологиялық ескерткіштердің ролі»                                |
| 13 | Кадирбекова А.Қ  | «География пәнінен олимпиадалық тапсырмаларды шешу жолдары»                                          |
| 14 | Батырбек Г.Б.    | «География сабағында оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту әдістері»                          |
| 15 | Пияшов С.Ә.      | «География сабағында инновациялық әдістерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру» |
| 16 | Баймұратова З.Ж. | «Тарих сабағында оқушылардың топтық ізденіс жұмыстарын ұйымдастырудың жолдары»                       |
| 17 | Божбанбаев Т.Қ.  | «Тарих сабағында Ұлы дала құндылықтарының ролі»                                                      |
| 18 | Шурабекова С.С.  | Тарих сабағында TEDx форматында өткізудің; тиімділігі мен нәтижесі.                                  |
| 19 | Зулпахарова Б.   |                                                                                                      |

09.12.24 - 12.12.24 күндері аралығында өтілген апталық тақырыбы: : «Тарихы – терең, өткені – өнеге, Тәуелсіздік – тірегі » атты болды. Мақсаты: Оқушыларды тарих және география пәніне деген танымдық қызығушылығын арттыру, білімге, пәнге деген құштарлығын мен қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың алған білімін одан әрі дамыта отырып, тез ойлауға, шапшаңдыққа, өздігінен жұмыс жасауға, ойлау логикасын шығармашылық мүмкіндік беруге, өмір бойы оқу мен ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, қоршаған ортаға адамның күнделікті әсерін, азаматтық жауапкершілікті сезіну, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету. Оқушының ғылыми-зерттеу дағдысын: сұрақ қою және сол сұраққа жауап табу, зерттеу жоспарын дайындау және болжам жасау, сұрақтарға жауап табу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың алған білімін одан әрі дамыта отырып, тез ойлауға, шапшаңдыққа, өздігінен жұмыс жасауға, ойлау логикасына шығармашылық мүмкіндік беруге, өмір бойы оқу мен ғылыми көзқарасын қалыптастыруға баулу.

#### Ашық сабақтар

| № | Сабақтың тақырыбы                                             | Мерзімі    | Уақыты                             | Өтілетін орны | Сынып | Пәні             | Пән мұғалімі     |
|---|---------------------------------------------------------------|------------|------------------------------------|---------------|-------|------------------|------------------|
| 1 | «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу» | 09.12.2024 | 4 сабақ<br>1 ауысым<br>10.35-11.20 | 312 кабинет   | 8 Ғ   | Қазақстан тарихы | Жубаниязова Ж.М. |

|    |                                                                                       |            |                                    |                   |                |                                         |                                 |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------|------------|------------------------------------|-------------------|----------------|-----------------------------------------|---------------------------------|
| 2  | «Қазақстанның экологиялық проблемалары»                                               | 10.12.2024 | 3 сабақ<br>1 ауысым<br>09.45-10.30 | 312 кабинет       | 10 Г           | География                               | Алиева Ж.                       |
| 3  | «Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері»                       | 10.12.2024 | 5 сабақ<br>1 ауысым<br>11.25-12.10 | 232 кабинет       | 10 А           | Қазақстан тарихы                        | Бекетаев Е.                     |
| 4  | «Бөкей ордасы қазақтарының 1836-1838 жылдардағы көтерілісі»                           | 10.12.2024 | 5 сабақ<br>2 ауысым<br>17.00-17.40 | 330 кабинет       | 7 Г            | Қазақстан тарихы                        | Сәдуақас Ғ.                     |
| 5  | «Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады?»                                      | 11.12.2024 | 2 сабақ<br>1 ауысым<br>08.50-09.35 | 219 кабинет       | 9 Г            | Құқық негіздері                         | Сулейменова Б.                  |
| 6  | «Қазақ гидронимдері»                                                                  | 11.12.2024 | 5 сабақ<br>1 ауысым<br>11.25-12.10 | 312 кабинет       | 9 Ж            | География                               | Шерімкүл Ғ.                     |
| 7  | «Құрлық суларының экологиялық проблемалары»                                           | 11.12.2024 | 5 сабақ<br>1 ауысым<br>11.25-12.10 | 231 кабинет       | 8 Ә            | География                               | Пияшов С.                       |
| 8  | «Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті»                                       | 11.12.2024 | 4 сабақ<br>2 ауысым<br>16.15-16.55 | 232 кабинет       | 6 А            | Қазақстан тарихы                        | Баймуратова З.                  |
| 9  | «Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері»                       | 12.12.2024 | 3 сабақ<br>1 ауысым<br>09.45-10.30 | 232 кабинет       | 10 Ғ           | Қазақстан тарихы                        | Шурабекова С.                   |
| 10 | «Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы» | 12.12.2024 | 3 сабақ<br>2 ауысым<br>15.30-16.10 | 232 кабинет       | 6 Д            | Қазақстан тарихы                        | Божбанбаев Т.                   |
| 11 | «Көңілді үзіліс»                                                                      | 13.12.2024 | 09.30-11.00                        | II қабаттың фаесі | Жалпы оқушылар | Тарих және география                    | Шурабекова С.<br>Зұлпыхарова Б. |
| 12 | «Тәуелсіздік тұырым»                                                                  | 13.12.2024 | 14.45-15.25                        | 302 кабинет       | 5 Ә            | Тарих және география пәндерінен іс шара | Батырбек Ғ.                     |
| 13 | «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу»                         | 17.12.2024 | 6 сабақ<br>1 ауысым<br>12.15-13.00 | 302 кабинет       | 8 Д            | Қазақстан тарихы                        | Туматаева Ә.                    |
| 14 | «Заттардың түзілуі және алынуы. Табиғи және жасанды заттар»                           | 17.12.2024 | 2 сабақ<br>2 ауысым<br>14.45-15.25 | 302 кабинет       | 5 Ә            | Жаратылыстану                           | Батырбек Ғ.                     |
| 15 | «Дүниежүзілік экологиялық проблемалары»                                               | 18.12.2024 | 12.00-13.00                        | Дебат кабинеті    | 8-9 сыныптар   | География                               | Пияшов С.                       |
| 16 | «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу»                         | 18.12.2024 | 6 сабақ<br>1 ауысым<br>12.15-13.00 | 312 кабинет       | 8 Ә            | Қазақстан тарихы                        | Джунисов М.                     |
| 17 | «Заттардың пайда болуы мен оларға қол                                                 | 18.12.2024 | 5 сабақ<br>2 ауысым                | 302 кабинет       | 6 Е            | Жаратылыстану                           | Кадирбекова А.                  |

|    |                                                               |            |                                    |                |               |                                         |                                                  |
|----|---------------------------------------------------------------|------------|------------------------------------|----------------|---------------|-----------------------------------------|--------------------------------------------------|
|    | жеткізу»                                                      |            | 14.45-15.25                        |                |               |                                         |                                                  |
| 18 | "Алтын адам археологиялық олжасы"                             | 18.12.2024 | 2 сабақ<br>2 ауысым<br>17.00-17.40 | 323 кабинет    | 5 F           | Қазақстан тарихы                        | Өміралиева А.                                    |
| 19 | «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу» | 19.12.2024 | 5 сабақ<br>1 ауысым<br>11.25-12.10 | 302 кабинет    | 8 E           | Қазақстан тарихы                        | Зұлпыхарова Б.                                   |
| 20 | «Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу»                | 19.12.2024 | 4 сабақ<br>2 ауысым<br>16.15-16.55 | 231 кабинет    | 6 Б           | Жаратылыстану                           | Тлеубаева А.                                     |
| 21 | «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Ұшқыр ой алаңы» деббаты      | 20.12.2024 | 12.00-13.00                        | Дебат кабинеті | 9-11 сыныптар | Тарих және география пәндерінен іс шара | Сулейменова Б.<br>Тлеубаева А.<br>Баймуратова З. |

Тарих және география әдістемелік пәндер бірлестігінің 09.12.-20.12.24ж күндері аралығында болып өткен апталық қорытындысы. Тақырыбы: «Тарихы – терең, өткені – өнеге, Тәуелсіздік – тірегі»

Мақсаты: Оқушыларды тарих және география пәніне деген танымдық қызығушылығын арттыру, білімге, пәнге деген құштарлығын мен қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың алған білімін одан әрі дамыта отырып, тез ойлауға, шапшаңдыққа, өздігінен жұмыс жасауға, ойлау логикасына шығармашылық мүмкіндік беруге, өмір бойы оқу мен ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, қоршаған ортаға адамның күнделікті әсерін, азаматтық жауапкершілікті сезіну, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету.

Мектепшілік жоспарға сәйкес 2024 жылғы № 1 бұйрығы бойынша апталықтың алдын ала жоспары жасалынып, бекітілді. Апталық барысында тарих және география пән мұғалімдері, ашық сабақтарын тақырыпқа сай өткізді.

09.12.24ж күні «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу» тақырыбында 8 F сыныбымен Жубаниязова Ж. Қазақстан тарих пәнінен ашық сабақ өтті. Мұғалім сабаққа тиянақты дайындалған, сабаққа қажетті көрнелікпен жабдықталған. Сабақта интерактивті тақтада видео материал көрсетілді, оқушылар суреттермен жұмыс жасады, оқушылар белсенді, сұрақтар қойып, өз ойларын ашық және еркін жеткізді, тартымды аяқтады. Сабақта жаңа технологиялық әдіс тәсілдер кеңінен қолданылды.

Ұсыныс: ашық сабақты жақсы өтті, сабақ мақсатына толық жетті деп бағалансын.

10.12.24ж. күні «Қазақстанның экологиялық проблемалары» тақырыбында 10 Г сыныппен Алиева Ж. География пәнінен сабақ өтті. Сабақтың оқу мақсатына жету жұмыс жасау арқылы іске асырылды. Сабақ барысында түрлі технологиялық әдістер қолданылды. АКТ көмегімен слайдтар жасалып, тақырыпқа байланысты видео көрсетілім көрсетілді. Сабақ реті дұрыс ұйымдастырылған, қосымша материалдар жеткілікті. Мұғалім сабақты өзі қорытындылады, оқушылар рефлексия айтты, сабақта кері байланыс үнемі жасалынып отырылды. Сабақ өте жақсы өтті, сабақ дұрыс ұйымдастырылған, мұғалім өз мақсатына жетті.

Ұсыныс: ашық сабақты қызықты өтті, сабақ мақсатына толық жетті деп бағалансын.

07.12.22ж күні «Қазақстанның экологиялық проблемалары» тақырыбында 10 Г сыныбымен Алиева Ж. география пәнінен ашық сабақ өтті. Ашық сабақтың оқу мақсатына жету жұмыс жасау арқылы іске асырылды. Сабақ барысында түрлі технологиялық әдістер қолданылды. АКТ көмегімен слайдтар жасалып, тақырыпқа байланысты видео көрсетілім көрсетілді. Сабақта мұғалімнің сөз саптауы, өз ісіне

сенімділігі, ұстамдылығы талапқа сай, оқушылар өте белсенді, проблемалық сұрақтар қоя отырып сабақтың мақсатына жетті. Сабақ толық бекітілді, жаңа технология элементтерін дұрыс қолдана білді, оқушылар суреттермен, картамен жұмыс жасады, сабағы сәті де тартымды болды.

Ұсыныс: сабақта барлық оқушылар толық қамтылған дей отырып, сабақ өте жақсы деп бағалансын.

10.12.24 ж күні «Бөкей ордасы қазақтарының 1836-1838 жылдардағы көтерілісі» тақырыбында Қазақстан тарих пәнінен 7 Г сыныбымен Садуақас Ғ. сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын аша отырып сабақты бастады. Жаңа сабақ бойынша слайд көмегімен жалпы мағанасын ашып берді, содан кейін топқа бөліп беріп постер қорғатылды, оқушылар белсенді болды, топаралық сұрақтар қойылды. Бірін бірі бағалады. отырып сабақты оқушылардың өздері қорытындылады. Суреттер арқылы бекітілді. Сабақта көрнекіліктер, АКТ қолданылды. Сабақ өте жақсы өтті, сабақ дұрыс ұйымдастырылған, мұғалім өз мақсатына жетті

Ұсыныс: Садуақас Ғ. сабақ барысында оқушылармен тығыз байланыста болды, сабақ жақсы деп бағалансын.

11.12.24ж. күні «Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті» Баймуратова З. 6 А сыныбымен ашық сабақ өтті. Сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сабақты тартымды өткізе білді. Оқушылар тақырыпты талдай білді. Сабақ өту барысында мұғалім өз мақсатына жетті.

12.12.24ж күні «Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады?» тақырыбында 9 А сыныбымен Сулейменова Б. құқық пәнінен ашық сабақ өтті. Ашық сабақтың оқу мақсатына жету жұмыс жасау арқылы іске асырылды. Сабақ барысында түрлі технологиялық әдістер қолданылды. АКТ көмегімен слайдтар жасалып, тақырыпқа байланысты видео көрсетілім көрсетілді. Сабақта мұғалімнің сөз саптауы, өз ісіне сенімділігі, ұстамдылығы талапқа сай, оқушылар өте баяу, проблемалық сұрақтар қоя отырып сабақтың мақсатына жетті. Сабақ толық бекітілді, жаңа технология элементтерін дұрыс қолдана білді, оқушылар суреттермен, картамен жұмыс жасады, сабағы тартымды болды.

Ұсыныс: сабақта барлық оқушылар толық қамтылған дей отырып, сабақ жақсы деп бағалансын.

18.12.22ж күні «Құрлық суларының экологиялық проблемалары» тақырыбында 8 Ә сыныбымен Пияшов С. ашық сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын аша отырып сабақты бастады. Үй тапсырмасын оқушылардан бір-біріне сұрақтар қою арқылы сұралды. Жаңа сабақ бойынша слайд көмегімен жалпы мағанасын ашып берді, содан кейін топқа бөліп беріп постер қорғатылды, оқушылар белсенді болды, топаралық сұрақтар қойылды. Оқушылардың сабақтағы білімін тест көмегімен тексерді. Бірін бірі бағалады. Зиянды заттардың істерін сипаттай отырып сабақты оқушылардың өздері қорытындылады. Суреттер арқылы бекітілді. Сабақта көрнекіліктер, АКТ қолданылды. Сабақ жақсы өтті, сабақ дұрыс ұйымдастырылған, мұғалім өз мақсатына жетті.

Ұсыныс: Сабақ мақсатына толық жетті деп бағалансын

12.12.24 ж күні «Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері» тақырыбында Қазақстан тарих пәнінен 10 F сыныбымен Шурабекова С. ашық сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын аша отырып сабақты бастады. Жаңа сабақ бойынша слайд көмегімен жалпы мағанасын ашып берді, содан кейін топқа бөліп беріп постер қорғатылды, оқушылар белсенді болды, топаралық сұрақтар қойылды. Бірін бірі бағалады. отырып сабақты оқушылардың өздері қорытындылады. Суреттер арқылы бекітілді. Сабақта көрнекіліктер, АКТ қолданылды. Сабақ өте жақсы өтті, сабақ дұрыс ұйымдастырылған, мұғалім өз мақсатына жетті

Ұсыныс: Шурабекова С. сабақ барысында оқушылармен тығыз байланыста болды, сабақ өте жақсы деп бағалансын.

12.12.24 ж күні тарих пән мұғалімі Божбанбаев Т. «Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы» тақырыбында 6 Д сыныбымен ашық сабақ өтті. Саяхат сабақ тақырыпқа сай Сабақта мұғалімнің сөз саптауы, өз ісіне сенімділігі, ұстамдылығы талапқа сай, оқушылар өте белсенді, проблемалық сұрақтар қоя отырып сабақтың мақсатына жетті. Сабақ толық бекітілді, жаңа технология элементтерін дұрыс қолдана білді, оқушылар суреттермен, картамен жұмыс жасады, сабағы сәті де тартымды болды.

Ұсыныс: сабақта барлық оқушылар толық қамтылған дей отырып, сабақ жақсы деп бағалансын.

13.12.24ж күні тарих пәні мұғалімі Туматаева Э. «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу» тақырыбында 8 Д сыныбымен саяхат сабақ өтті. Мұғалім сабақта өзі де оқушылары да белсенділік танытты. Көрнекілік материалдары өте көп, АКТ қолданылды, оқушылар қосымша мәтіндермен, суреттермен жұмыс жасады. Постер әдісімен оқушылар сабақты жақсы қорғап шықты. Сабақ реті дұрыс ұйымдастырылған, қосымша материалдар жеткілікті. Мұғалім сабақты өзі қорытындылады, оқушылар рефлексия айтты, сабақта кері байланыс үнемі жасалынып отырылды.

Ұсыныс: сабақта барлық оқушылар толық қамтылған дей отырып, сабақ жақсы деп бағалансын.

18.12.24ж күні «Қазақ гидронимдері» тақырыбында 9 Ж сыныбымен. Шерімқұл Г. География пәнінен ашық сабақ өтті. Мұғалім сабаққа тиянақты дайындалған, сабаққа қажетті көрнекілікпен жабдықталған. Сабақта интерактивті тақтада видео материал көрсетілді, оқушылар суреттермен жұмыс жасады, оқушылар белсенді, сұрақтар қойып, өз ойларын ашық және еркін жеткізді, тартымды аяқтады. Сабақта жаңа технологиялық әдіс тәсілдер кеңінен қолданылды.

Ұсыныс: ашық сабақты жақсы өтті, сабақ мақсатына толық жетті деп бағалансын

18.12.24ж күні «XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы» тақырыбында Джунисов М. 93 сыныбымен саяхат сабақ өтті. Саяхат сабақ тақырыпқа сай «Тарихи-өлкетану» мұражайында өтті. Сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сабақты тартымды өткізе білді. Оқушылар тақырыпты талдай білді. Сабақ өту барысында мұғалім өз мақсатына жетті.

Ұсыныс: Сабақ мақсатына толық жетті деп бағалансын

18.12.24ж күні «Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу» тақырыбында 6 Е сыныбымен Кадирбекова А. жаратылыстану пәнінен ашық сабақ өтті. Ашық сабақтың оқу мақсатына жету жұмыс жасау арқылы іске асырылды. Сабақ барысында түрлі технологиялық әдістер қолданылды. АКТ көмегімен слайдтар жасалып, тақырыпқа байланысты видео көрсетілім көрсетілді. Сабақта мұғалімнің сөз саптауы, өз ісіне сенімділігі, ұстамдылығы талапқа сай, оқушылар өте баяу, проблемалық сұрақтар қоя отырып сабақтың мақсатына жетті. Сабақ толық бекітілді, жаңа технология элементтерін дұрыс қолдана білді, оқушылар суреттермен, картамен жұмыс жасады, сабағы тартымды болды.

Ұсыныс: сабақта барлық оқушылар толық қамтылған дей отырып, сабақ жақсы деп бағалансын.

18.12.22 ж күні "Алтын адам археологиялық олжасы" тақырыбында 5 Е сыныбымен Өміралиева А. Қазақстан тарих пәнінен ашық сабақ өтті. Ашық сабақтың оқу мақсатына жету жұмыс жасау арқылы іске асырылды. Сабақ барысында түрлі технологиялық әдістер қолданылды. АКТ көмегімен слайдтар жасалып, тақырыпқа байланысты видео көрсетілім көрсетілді. Сабақта мұғалімнің сөз саптауы, өз ісіне сенімділігі, ұстамдылығы талапқа сай, оқушылар өте белсенді, проблемалық сұрақтар қоя отырып сабақтың мақсатына жетті. Сабақ толық бекітілді, жаңа технология элементтерін дұрыс қолдана білді, оқушылар суреттермен, картамен жұмыс жасады, сабағы сәті де тартымды болды.

Ұсыныс: сабақта барлық оқушылар толық қамтылған дей отырып, сабақ өте жақсы деп бағалансын.

19.12.24 ж күні «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу» тақырыбында Қазақстан тарих пәнінен 8 Е сыныбымен Зұлпыхарова Б. ашық сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын аша отырып сабақты бастады. Жаңа сабақ бойынша слайд көмегімен жалпы мағанасын ашып берді, содан кейін топқа бөліп беріп постер қорғатылды, оқушылар белсенді болды, топаралық сұрақтар қойылды. Бірін бірі бағалады. отырып сабақты оқушылардың өздері қорытындылады. Суреттер арқылы бекітілді. Сабақта көрнекіліктер, АКТ қолданылды. Сабақ өте жақсы өтті, сабақ дұрыс ұйымдастырылған, мұғалім өз мақсатына жетті

Ұсыныс: Сабақ барысында оқушылармен тығыз байланыста болды, сабақ жақсы деп бағалансын.

19.12.24ж күні «Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу» тақырыбында 6 Б сыныбымен Тлеубаева А. ашық сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын аша отырып сабақты бастады. Үй тапсырмасын оқушылардан бір-біріне сұрақтар қою арқылы сұралды. Жаңа сабақ бойынша слайд көмегімен жалпы мағанасын ашып берді, содан кейін топқа бөліп беріп постер қорғатылды, оқушылар белсенді болды, топаралық сұрақтар қойылды. Оқушылардың сабақтағы білімін тест көмегімен тексерді. Бірін бірі бағалады. Зиянды заттардың істерін сипаттай отырып сабақты оқушылардың өздері қорытындылады. Суреттер арқылы бекітілді. Сабақта көрнекіліктер, АКТ қолданылды. Сабақ жақсы өтті, сабақ дұрыс ұйымдастырылған, мұғалім өз мақсатына жетті.

Ұсыныс: Сабақ мақсатына толық жетті деп бағалансын

Он күндік апталық барысында, ашық сабақтардан тыс «Көңілді үзіліс», «Тәуелсіздік тұырым», «Дүниежүзілік экологиялық проблемалары», «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Ұшқыр ой алаңы» деббаты сияқты іс-шараларды бірлестік мұғалімдері ұйымдасып өткізді. 20.12.24ж күні апталықтың жабылуы өтілді. Апталық барысында барлық пән мұғалімдер ашық сабақтарын өтіп, өз мақсаттарына жетті. «Тарихы – терең, өткені – өнеге, Тәуелсіздік - тірегі» тақырыбында пән мұғалімдердің және жоғары сыныптың оқушыларының ұйымдастыруымен концерттік іс-шара ұйымдастырылып, апталықты қорытындылады. Апталықта белсенділік танытқан пән мұғалімдері Батырбек Г. Алиева Ж. және Джунисов М. Сулейменова Б. Шурабекова С. мектепшілік марапаттауға ұсыныл

Бірлестіктегі әр мұғалім өздері сабақ беретін сыныптарда қабілеті жоғары оқушылармен атқарылатын жұмыс түрлерін оқу жылының басында жоспарлаған болатын. Сол жоспарға сай пән мұғалімдері өз жұмыстары туралы есептерін тоқсан сайын беріп отырды.

Жоғарыда көрсетілген пән мұғалімдері өздері көрсеткен үлгерімі жоғары оқушыларға арнайы тапсырмалар беріп, сабаққа үлестірмелі кеспелермен жұмыс түрлері жүргізіледі. Сабақта түрлі әдіс тәсілдер пайдаланып, шығармашылық тапсырмалар беріліп отырылды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар сабақтарда тиімді беріліп отырылды. Әдістемелік бірлестік отырысында кемшіліктер туралы сөз қозғалып, қабілеті төмен оқушылар мен жұмысты нығайта түсу, оқушыларды барынша өз қабілеттерімен көзге түсе білуге баулу мақсат етіледі.

2024-2025 оқу жылының тамыз қыркүйек айларынан бастап мектебіміздегі 5-11 сынып оқушылар арасында тарих және география пәндері бойынша үлгерімі нашар оқушылар анықталған.

Үлгерімі нашар балалармен жұмыс түрлері анықталып, аталған оқушылармен сабақ беретін пән мұғалімдері жұмыс жүргізді. Бұл оқушылардың барынша пәнге деген қызығушылығын арттыруға арналған тапсырмалармен қосымша суреттермен жұмыс, кестелермен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар т.б жұмыс түрлері ұйымдастырылып өзіндік сауатын ашуға арналған жаттығулар, орындалып отырылды. Соның арасында ағылшын тілі пәні бойынша 2 деген баға қорытылған оқушылар болмады. Сабақ үстінде деңгейлеріне лайықталған тапсырмалар беріледі. Сынып жетекшісі ата-аналарымен хабарласып, баланың білім алудағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы мағлұмат беріп отырады.

Бізге мәлім әр сыныптағы оқушылардың жас шамасы қатар болса да түсінуі, оқуды қабылдау қабілеті әр түрлі. Соның нәтижесінде әр сыныпта бақылау жұмысынан екіліктер алатын, сабаққа деген ынтасы төмен оқушылар кездесіп отыр. Мұндай оқушыларды сабақ

барысында толық үлгерімге жеткізіп отырылғанымен бақылау жұмысы кезінде үлгерім сапасын төмендетуде. Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру әр ұстаздың міндеті. Сондықтан үлгерімі төмен оқушылар үлгерімі төмен оқушылар анықталды, оларға арналған жұмыс жоспары түзілді. Бақылау жұмыстары мен тоқсандық үлгерім нәтижелері бойынша мониторинг жасалынды.

Ғылыми шығармашылық тақырыптары бойынша конференцияға дайындық өз нәтижелерін берді. Алынған тақырыптар перспективті, сондықтан терең және жауапкершілікпен жұмыс істеуге талаптар қойылды, нәтижесінде мұғалімдер мен олардың оқушылары түрлі марапаттарға ие болды

Келесі мәселе бойынша жаңартылған білім бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және қатысу деңгейін талқыланды. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу біліктілікті арттыру орталығы» ұйымдастырған Тарих және география пәнінен пәндік құзыреттіліктерін білім бойынша біліктілігін арттыру курстарына баратын мұғалімдердің сұраныстары ҚББ-ға жіберілді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу біліктілікті арттыру орталығы» ұйымдастырған тарих және география пән мұғалімдерінің дамыту пәндік құзыреттіліктерін Джунисов М., Баймуратова З., Садуақас Ғ., Алиева Ж., Пияшов С., Шерімқұл Г., Тлеубаева А., оқып, білімдерін жетілдіріп келді.

9-11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындығы жайында айтылды. Бірлестіктің ББЖМ мен ҰБТ –ға арналған жоспары бекітілген. Соған байланысты үлгерімі төмен оқушыларға арналған жұмыс жопары жасалынған, апталық тест жұмыстары алынып, оларға жасалған сараптамалары мен тестке талдаулар дер кезінде алынуда. ББЖМ -ға жауапты пән мұғалімдері – Бекетаев Е. Алиева Ж. Джунисов М. Туматаева Э. Жубаниязова Ж. Олар 9-сынып оқушыларына бекітілген кесте бойынша қосымша сабақтар өткізуде. ҰБТ-ға дайындық 11- сыныптарда жүргізілуде. Оның арнайы өткізу ережесі бекітілген. Ережені негізге алған білім беру ұйымы мектептің оқу үдерісіне соған сәйкес іс-шаралар жоспарын түзді. ҰБТ-ға дайындық ретінде байқау тестілеуін өткізіп, сараптама талдауын жасап, көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілуде. ҰБТ-ға дайындық сабақтары ұйымдастырылады, оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып дайындауға мектептің психологиялық қызмет көрсету орталығы өз көмегін тигізуде.

2024 жылдың қазан айында Дарын орталығы ұйымдастырған 5-6 сынып оқушылар арасында мектепішілік пәндер олимпиадасына қатыстыру мақсатында мектепішілік пән олимпиадасына оқушылар қатыстырылып сұраныс берілді.

2024 жылдың қараша айында Дарын орталығы 9-11 сынып аралығында ұйымдастырған оқушылар арасында мектепішілік пәндер олимпиадасына қатыстыру мақсатында мектепішілік пән олимпиадасына оқушылар қатысылып сұраныс берілді.

Тарих пәнінің мұғалімі Зұлпыхарова Бибігүлдің оқушысы 9-11 сынып оқушыларына арналан жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде көрсеткен ерекше білімі үшін 11 Ә сынып оқушысы Ғалымжанқызы Ботагөз грамотамен марапатталды.

Тарих пәнінің мұғалімі Садуақас Ғалымжанның 7-8 сынып оқушыларына арналан жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының екінші аудандық кезеңінде 7 Г сынып оқушысы Рахат Мирас I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Құқық пәні мұғалімі Сүлейменова Бекзада 9-11 сынып оқушыларына арналан жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде көрсеткен ерекше білімі үшін 9 Б сынып оқушысы Балашбек Нұрдаулет грамотамен марапатталды.

Тарих пәні мұғалімі Шурабекова Салтанат «Үздік авторлық бағдарлама» Республикалық II кезеңінің жеңімпазы III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Шымкент қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығынан тарих пәні мұғалімі Өмірәлиева Ақерке алыс хатпен марапатталды.

Білім сапасын көтеру мақсатында, бірлесіп жасалынатын «Lesson Study» зерттеу жұмыстары зерделеу жұмыстарының жоспары мен кестесі бойынша 5-9 сыныптар арасында жүргізілуде

#### **Lesson Study зерттеу сабағы**

Білім сапасын көтеру мақсатында, мұғалімдердің бірлесіп жасалынатын «Lesson study тәсілін пайдалануда деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының тиімділігі» тақырыбында III-тоқсанда бірлестіктің мұғалімдері төмендегі топ құрамында 6-сыныптар және 8 сыныптар арасында, бағыт бойынша жұмыстарын жүргізді.

Зерттеуші мұғалімдер тобы:

#### **I топ Жаратылыстану пәні бойынша**

1. Алиева Жанар топ кураторы
2. 6Б Тлеубаева Ақмарал география пән мұғалімі
3. 6Е Қадирбекова Айгерім география пән мұғалімі

#### **II топ Қазақстан тарих пәні бойынша**

1. Жубаниязова Жазира топ кураторы
2. 8Ә Джунисов Мухиддин тарих пәні мұғалімі
3. 8Д Туматаева Эльмира тарих пәні мұғалімі
4. 8Е Зұлпыхарова Бибігүл тарих пәні мұғалімі

Білім сапасын көтеру мақсатында, бірлесіп жасалынатын «Lesson Study» зерттеу жұмыстары зерделеу жұмыстарының жоспары мен кестесі бойынша 6-8 сыныптар арасында жүргізілуде.

2024-2025 оқу жылында 5-11 сынып оқушыларының білім сапасын анықтау үшін тарих және география пәндерінен мектепшілік бақылау жұмыстары алынып, қорытындысы мен сараптамасы жасалынды. Бақылау жұмыстары мен тоқсандық үлгерім нәтижелері бойынша география пәнінен білім сапасы 63,57% жетті, ал тарих пәндерінен 65,48 % білім сапасын көрсетті. Үлгерім сапасы жыл басында екі пәнненде 100% болды.

Тарих және география пәндері әдістемелік бірлестігіне бекітілген 4 оқу кабинеті мен қосалқы тәжірибелік бөлме бекітілген. Оқу жылына арналған кабинет жоспары

жасалынған, техника қауіпсіздігі ережесінің бұрышы жасалған. Пән мұғалімдері дидактикалық материалдар санын көбейтуге өз үлестерін қосып отырды.

ӘБ жетекшісі



Жубаниязова Ж.М.